

## «Кітап – сарқылмас рухани әлем»

«Кітап – сарқылмас рухани әлем»- атты мектебіміздің алғаш табалдырығын аттаған 1 сынып оқушылары мектеп кітапханасы мен танысуға келіп,экскурсиялық саяхат жасалды.

Мақсаты: «XXI ғасыр – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі - кітапхана», - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай оқуға ұмтылған әрбір жас ұрпақтың санасын, дүниетанымын кеңейтіп, жан-жақты білім алуына және белгілі бір мамандық иесі болып шығуына көмектесетін бірден-бір оқу орталығының киелі ордасы – кітапхана.Кітап – біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз. Сондықтан бүгінге жастарымыздың, ұлттық сана сезімі жоғары, рухани ойлауы терең, мәдениетті, парасатты еңбек қор ұрпақты кітап оқу арқылы білім алуға тәрбиелеу.

Экскурсия барысында алғашқы оқырмандарға кітапхананың ережелерімен таныстырылды,сонымен бірге кітапханада қандай қызықты ертегілер,балаларға арналған журналдар мен газеттер бар екені және кітап көрмелерімен таныстырылды.Кішкентай бүлдіршіндерімізді алдағы уақытта кітапхананың белсенді оқырмандары болатынына сенімдіміз.



## Ертегілер еліне

*Оқу күніне орай «Ертегілер еліне саяхат» атты кітап көрме жасақталып балалар ертегілер әлемімен танысып оқуға қызығушылық танытуда.*

**Мақсаты:** оқушылардың рухани ой-өрісін дамыту,жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағыт-бағдар беріп, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.Көрмеге қойылған жаңа заманауи кітаптар әлемімен танысып оқушылардың қызығушылықтары артты. Ертегі кітаптар оқып,кейіпкерлерін суреттеп ойларын ортаға салды.Сондықтан бүгінге жастарымыздың, ұлттық сана сезімі жоғары, рухани ойлауы терең, мәдениетті, парасатты еңбек қор ұрпақты кітап оқу арқылы білім алуға тәрбиелеу.



## «Күнге бет алған керуен» әдеби вираж онлайн

**Мақсаты:** Оқушыларға Аристотельден кейінгі екінші ұстаз Әл-Фарабидің өмірі, еңбек жолы туралы түсінік беріп, ғұламаның жаңа жақты ерекше тұлға болғандығын анықтау мақсатында ізденіс жүргізу. Халқымызға білімнің, ілімнің нәрін сепкен аса ірі тұлға Әбунасыр Әл-Фараби мұраларынан нәр алғызып, оқушыларды туған жерге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу. Жас оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру.

Онлайн форматта ұйымдастырылды



## «Елбасы – Ел тірегі» кітап көрмеге

*1-желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай мектеп кітапханасында*

*«Елбасы – Ел тірегі» атты кітап көрме ұйымдастырылды*

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың туып өскен жері, өмір жолы, қызмет еткен кезеңдері туралы мәлімет бере отырып, халық үшін жасаған ерен еңбегін жастарға үлгі ету. Елбасымыздың жүргізіп отырған саясатын, іскерлік қабылетін, ұшан-теңіз еңбегін халыққа жеткізу.



## «Тәуелсіздік- азаттығым, бақ күнім» - атты оқу марафон

**Мақсаты:** Оқушыларға қазақ халқының бастарынан кешкен қиындықтар мен күрестер туралы айта отырып, бүгінгінің жеткен жемісі туралы айту. Тәуелсіздік күнінің тарихын ашып көрсету, халық қаһармандарымен таныстыру. Бойларына адамгершілік, отаншылдық қасиеттерін дамыту. Оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт – бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу.



## «Балалар әлеміне саяхат»

«Балалар әлеміне саяхат» аясында каникул кезінде балалар өз уақытын тиімді пайдалану мақсатында оқу күні ұйымдастырылды, онлайн форматта өткізу барысында өз бетімен оқыған ертегілерін әңгімелеу тыңдалымы

**Мақсаты:** оқушылардың рухани ой-өрісін дамыту, жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағыт-бағдар беріп, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Бүгінге жастарымыздың, ұлттық сана сезімі жоғары, рухани ойлауы терең, мәдениетті, парасатты еңбек қор ұрпақты кітап оқу арқылы білім алуға тәрбиелеу.



## Ел рәміздері – ел рухы!

### Кітап көрме

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру бағытында, Мемлекеттік рәміздерге арналған тәрбие іс-шаралар жоспары аясында, Мектеп кітапханасында «Ел рәміздері – ел рухы!» тақырыбында кітап көрме жасақталып, 5 класс оқушылары аралығында библиографиялық шолу өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушылардың Қ.Р. мемлекеттік рәміздері: елтаңбасы, туы және әнұраны туралы түсінектерін тереңдетіп, оқушылардың осы тақырыпқа деген белсенділігін арттыра отырып, танымдық ойлау қабілеттерін дамыту, оқушыларды азаматтық пен елжандылыққа, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Отанын сүйуге тәрбиелеу.



## *Мейірім төгетін ана*

**«Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» атты онкүндік шара аясында «Өзін-өзі тану» адамгершілік рухани бағдарламасының авторы Сара Алпысқызының еңбек жолы мен шығармашылығы туралы «Мейірім төгетін ана» тақырыбында кітап көрме жасақталып, 5 кл аралығында библиографиялық шолу жүргізілді.**

Мақсаты: Адамның бойындағы ұнамды-ұнамсыз қасиеттерді айта отырып, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, адам бойындағы асыл қасиеттерді бағалай білуге, адамдармен қарым қатынас дағдыларын жасауға баулу. «Өзін-өзі танудың» қайнар көзі өзін – өзі тәрбиелеуден басталады. Аяушылық, аяныш-адамға тән керемет қасиеттердің бірі.

